

Бекітемін:

Қ. Билялов атындағы мектеп лицейінің
директоры Қ. Ислямов



Қ. Билялов атындағы мектеп лицей бойынша құрылған
«Қамқоршылық кеңестің» жылдық жоспары.

2021-2022 оқу жылы

№	Өткізілетін іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп бюджетін жоспарлау. Мақсаты: мектеп бюджетінің ашықтығын қаматасыз ету: Бюджет қаражатын мақсатты жұмсауды басқару, бюджетті әзірлеу және орындау үшін жауапкершілік деңгейін арттыру.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрайымы Мектеп директоры
2	Аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік жағдайын анықтап, тегін ыстық тамақпен қамту.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Әлеуметтік жағдай аз қамтылған отбасы балаларын тегін оқу формасымен қамту.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Қамқоршылық кеңес анықтаған мектептің жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін мектеп әкімшілігінің ұсынымдарын енгізу.	Керек болған жағдайда	Қамқоршылық кеңестің төрайымы
5	Мектепке демеушілер, мектеп түлектерін тарту, мектепті дамытуға қайырымдылық көмек көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
6	Мектеп директорларының мектептің қызметі туралы, оның ішінде жоғары сапалы білім беру қызметтерін ұсыну туралы, мектептің дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс нәтижелерін тыңдау.	Мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері

«Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ қамқоршылық кеңес отырысы

№ 3 ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

23.12.2021 ж

Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы

Қатысқандар: 9 адам (қамқоршылық кеңес мүшелері)

Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2022 оқу жылында тегін ыстық тамақпен қамту үшін, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтап, шешім шығару.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы О.Исанова айтып өтті. Тегін ыстық тамақпен қамтылуын сұрап өтініш жазған 25 оқушының ата-анасы (қамқоршысы) өтініш берген. Олардың өткізген құжаттарына қарай санаты (статусы) анықталған. Аз қамтылған «Атаулы әлеуметтік көмек» алатын -19 отбасы баласы, «Толық жетім» - 1 отбасы баласы анықталған, енді қалған 3 отбасы баласының жағдайы төмендегідей:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысымен таныстырып өтті.

Міне, осы қаулыны негізге ала отырып, ата-аналардан түскен өтінішті қарап, қанағатандыру мақсатында кеңес отырысына ұсынып отырғандығын айтты.

Ата-анасының аты-жөні	Оқушының аты-жөні	Сыныбы
Тусупова Маржан	Найманғазин Нұрасыл	8
Шакенова Жансулу	Нұрболатқызы Айшырақ	10
	Нұрболатқызы Жаннұр	6
Чуматанова Динара	Чуматанова Аделина	5

1. Өтініш иесі Түсіпова Маржан, баласы Найманғазин Нұрасыл 8 а сыныбында оқиды. Екі баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Өзі жұмыс істемейді. Басқа табыс көзі жоқ, жәрдемақымен күнелтіп отыр. Екі баласы әртүрлі аусымда екі мектепте оқиды және баспанасы жаздық сарай. Түнгі уақытта жұмыс істеуге мүмкіншілігі жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды, тұрақты жұмысы жоқ.
2. Өтініш иесі Шакенова Жансулу, баласы Нұрболатқызы Айшырақ, Нұрболатқызы Жаннұр мектеп-лицейінде оқиды. Екі оқушы баласы, бір студент, екі мектепке дейінгі жастағы баласы бар. Жолдасы жұмыс істейді, өзі бала күтімінде. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Жеке баспанасы бар. Көп балалы отбасы ретінде жәрдемақы алады.
3. Өтініш иесі Чуматанова Динара, баласы Чуматанова Аделина 5 а сыныбында оқиды. Бір оқушы баласы бар. Жолдасы жоқ, жалғыз басты ана. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Қолында малы жоқ. Апа-аталарымен бірге тұрады.

ЖАРЫС СӨЗ:

Қасымов Талғат- кеңес мүшесі: Түсіпова Маржан асыраушысы жоқ, екі баланы жәрдем ақымен асырап отыр, тегін ыстық тамақпен қамтылғаны дұрыс.

Шонбаева Бақытжамал- кеңес мүшесі: Біз өтініш иелерінің жағдайларымен таныспыз, Шакенова Жансулудың жолдасы жұмыс істейді, көп балалы отбасыларға арналған жәрдемақы алады, мектепке дейінгі балаларға мемлекет тарапынан балабақша тегін көмек жасалған. Тұрмысы төмен отбасы деуге болмас.


Ашумханова Жаннұр- кеңес мүшесі: Түсіпова Маржан асыраушысы жоқ, екі баланы жәрдемақымен асырап отыр, тегін ыстық тамақпен қамтылғаны дұрыс.

Исанова Орынжамал -кеңес төрайымы: өтініш иелерінің ішінде Түсіпова Маржан өтінішін қанағаттандыру керек деп санаймын және қалған екі ата-ананың өтініштері оқу формасынада қарастырылып, қанағаттандырылады, қайырымдылық шараларын ұйымдастырып көмек көрсетеміз деп ойлаймын.

ШЕШІМ:


1. Тегін ыстық тамақпен қамту ҚР заңнамасы бойынша жүзеге асырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайын ескере отырып, аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасылары ретінде жоғарыдағы тізімдегі Түсіпова Маржанның өтініші қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



О.Исанова

Хатшы:



С.Бітібаева

«Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейі» КММ қамқоршылық кеңес отырысы

№ 3 ХАТТАМАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

23.12.2021 ж

Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы

Қатысқандар: 9 адам (қамқоршылық кеңес мүшелері)

Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2022-2023 оқу жылында тегін оқу формасымен қамтамасыз етуін сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы О.Исанова сөз алды. Жалпы мектеп-лицейінде оқушы саны 316, ата-ана саны 271. Ал оқу формасын және аяқ киімді тегін беруін сұрап өтініш жазған 73 оқушының ата-анасы немесе қамқоршысы өтініш берген. Олардың өткізген құжаттарына қарай санаты (статусы) анықталған. Аз қамтылған «Атаулы әлеуметтік көмек» алатын -19 отбасы баласы, «Көп балалы» -45 отбасы баласы, «Толық жетім»- 2 отбасы баласы анықталған, енді қалған 7 отбасы баласының жағдайы төмендегідей:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысымен таныстырып өтті.

Міне, осы қаулыны негізге ала отырып, ата-аналардан түскен өтінішті қарап, қанағатандыру мақсатында кеңес отырысына ұсынып отырғандығын айтты.

Ата-анасының аты-жөні	Оқушының аты-жөні	Сыныбы
Тусупова Маржан	Найманғазин Нұрасыл	9
Хамзина Аяужан	Қыдырхан Акеділ	7
Кабибиева Раугул	Кабибиев Дамир	10
Чуматанова Динара	Чуматанова Аделина	6
Орымхан Нұриха	Білімбек Кәусар	7
Нурсағиева Айнур	Ернатқызы Нұрай	9
Жумадилов Еркін	Мәукенов Ерасыл	11

1. Өтініш иесі Түсіпова Маржан, баласы Найманғазин Нұрасыл 8 а сыныбында оқиды. Екі баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Өзі жұмыс істемейді. Басқа табыс көзі жоқ, жәрдемақымен күнелтіп отыр. Екі баласы әртүрлі аусымда екі мектепте оқиды және баспанасы жаздық сарай. Түнгі уақытта жұмыс істеуге мүмкіншілігі жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды, тұрақты жұмысы жоқ.
2. Өтініш иесі Нурсағиева Айнур, баласы Ернатқызы Нұрай 8 а сыныбында оқиды. Бір оқушы баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Қ.Билялов атындағы мектеп-лицейінде кіші қамту қызметкері. Анасы және баланың денсаулығына дәрі-дәрмекке көп қаражат жұмсағандықтан, отбасының табысы күн көріске ғана жеткілікті. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Қолында малы жоқ.
3. Өтініш иесі Кабибиева Раугул, баласы Кабибиев Дамир 9 б сыныбында оқиды. Бір оқушы баласы бар. Жолдасы жоқ, жалғыз басты ана. Ауыл әкімшілігінде әлеуметтік қызметкер болып жұмыс жасайды. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Қолында малы жоқ.
4. Өтініш иесі Хамзина Аяужан, баласы Қыдырхан Акеділ 6 а сыныбында оқиды. Екі оқушы баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Абай атындағы орта мектепте кіші қамту қызметкері. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Қолында малы жоқ.

5. Өтініш иесі Жумадилов Еркін, баласы Маукенов Ерасыл 10 б сыныбында оқиды. Жолдасы жоқ, ажырасып кеткен. Мал дәрігері болып маусымдық жұмыс істейді. Бір баласы студент. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Қолында малы жоқ.
6. Өтініш иесі Чуматанова Динара, баласы Чуматанова Аделина 5 а сыныбында оқиды. Жолдасы жоқ, жалғызбасты ана. Өзі әр түрлі жалдамалы жұмыстар істейді. Тұрақты жұмысы жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды. Қолында малы жоқ.
7. Өтініш иесі Орымхан Нуриха, баласы Білімбек Кәусар 6 б сыныбында оқиды. Екі оқушы баласы бар. Жолдасы қайтыс болған. Жұмыссыз. Екі баласы әртүрлі аусымда оқиды. Түнгі уақытта жұмыс істеуге мүмкіншілігі жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алмайды, тұрақты жұмысы жоқ.

ЖАРЫС СӨЗ:

Қасымов Талғат- кеңес мүшесі: өтініштерді қанағаттандыру дұрыс деп есептеймін.

Шонбаева Бақытжамал- кеңес мүшесі: Біз өтініш иелерінің жағдайларымен таныспыз, оқушылар жылына бір реттік толық оқу формасымен, аяқ киіммен қамтылуы керек. Ол отбасылары үшін үлкен көмек болар еді.


Ашумханова Жаннұр- кеңес мүшесі: Түсіпова Маржан асыраушысы жоқ, екі баланы жәрдемақымен асырап отырған болса оқу формасынан басқа да қандай да бір көмектер көрсетілуі керек деп есептеймін.

Исанова Орынжамал -кеңес төрайымы: мен де өтініш иесінің өтінішін қанағаттандыру керек деп санаймын және қайырымдылық шараларын ұйымдастырып көмек көрсетеміз деп ойлаймын.

ШЕШІМ:

1. Оқу формасымен қамту ҚР заңнамасы бойынша жүзеге асырылсын.
2. Әлеуметтік жағдайын ескере отырып, аз қамтылған, тұрмысы төмен отбасылары ретінде жоғарыдағы тізімдегі өтініштер қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



О.Исанова

Хатшы:



С.Бітібаева